



Келісілі:  
«Жангелдин ауданының  
білім беру бөлімі» КММ  
басшысы: *И.Сейдахметов*

Келісілі:  
Қамқоршылық кеңес  
төрайымы: *Ж. Бекмағамбет*



Бекітіледі:  
27.08.2022 ж. негізгі жалпы білім  
кеңесінің Т.А.Иттамасына сай кеңес  
төрайысы: *Н.Ж.Жаксылыков*

«Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылында казак тілінде білім беретін бастауыш білім берудің оқу жоспары

### Түсінік хат

Бұл оқу жоспары мемлекеттік тілде оқытылатын оқушылардың бастауыш деңгейіне (1-4 сыныптарға) арналған және әлеуметтік белсенді, жан-жақты дамыған, өз бетінше жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Бастауыш деңгейінің 1-4 сыныптарында оқу үдерісін орындау кезінде жұмыс жоспарының бөлімін құрастыруда төмендегі құжаттар негізге алынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы), «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш білімнің міндеттері мен мақсаттарын іске асыруда тұжырымдамалы ұстанымдарға сүйенеді:

- базистік тәртіп бойынша мемлекеттік стандарттардың орындалуы;
- білім стандарттарының көлемін кеңейтуге бағыттау;

Қазақстандық мектептерді жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу процесінде қалыптастыру мен әртүрлі оқу-іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте білім беруді дамытуға негіз болады.

Бүгінгі таңда мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасының әлемдік өркеніетке кіруіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы-шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Мектеп компоненті оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын ояту, білім қорын жетілдіру, бастауыш сыныптарда баланың рухани құндылықтарын байытуға бағытталған.

Вариативтік компонентке белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар енгізілді: **1 сынып үшін:** «Математика күнделікті өмірде» курсы білім алушылардың бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына төселдіреді, үнемділік, еңбекқорлық, адамзат еңбегін құрметтеу сияқты адами қасиеттерге баулиды.

**2 сынып үшін:** «Қызықты математика»( ISBN 978-601-303-22-14), мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыруға, математика пәніне қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: логикалық ойлау қабілеттерін дамыған, ауызша есептеу дағдылары қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

**3 сынып үшін:** «Математика және экология» курсы білім алушыларды математика мен экологияны байланыстыра отырып, табиғатқа, адамзат баласына жанашырлықпен қарауға, үнемшілдікке, жауапкершілікке дағдыландырады.

**4 сынып үшін:** «Математикалық жобалар» курсы білім алушылардың өзіндік алғашқы математикалық жобалар жасау біліктілігін, іскерлігін және зерттеу дағдысын қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушылары зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге төселеді.

Оқу жоснары базалық бөлімінің 7 білім саласынан тұрады және осындай тұрақталған тәртіпті көздейді. Бастауыш сынып пәндерін оқытудағы басты мақсат – білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу негізінде білім беру. Жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормаларға сай.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «12» тамыздағы  
№ 365 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
1-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған  
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңгелдин ауданы  
білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі» қазақ  
тілінде білім беретін бастауыш саты бойынша оқу жоспары.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
	Тіл және әдебиет	6	11	11	11	39	1398
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	2	2	2	9	321
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Көркем еңбек		1	1	1	3	108
12	Еңбекке баулу	1				1	35

<b>13</b>	<b>Бейнелеу опері</b>	<b>1</b>				<b>1</b>	<b>35</b>
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
<b>14</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>12</b>	<b>429</b>
	Инварианттық оқу жүктемесі	<b>18,5</b>	<b>23</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>91,5</b>	<b>3275,5</b>
<b>Вариативтік компонент</b>							
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>4</b>	<b>143</b>
	«Математика күнделікті өмірде»	<b>1</b>				<b>1</b>	<b>35</b>
	«Қызықты математика»		<b>1</b>			<b>1</b>	<b>36</b>
	«Математика және экология»			<b>1</b>		<b>1</b>	<b>36</b>
	«Математикалық жобалар»				<b>1</b>	<b>1</b>	<b>36</b>
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	<b>19,5</b>	<b>24</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>95,5</b>	<b>3418,5</b>

Келісілді:  
«Жангелдин ауданының  
білім беру бөлімі» ММ  
басшысы: *Н. Сейдахметов* Н. Сейдахметов



Келісілді:  
Қамқоршылық кеңес  
төрайымы: *Ж. Бекмағамбет*  
Ж. Бекмағамбет

Бекітілген:  
27.08.2022 ж педагогикалық  
кеңесінің 1 хаттамасына сәйкес  
төрағасы: *С. Ж. Жақсылықов* С. Ж. Жақсылықов



«Жангелдин ауданының білім беру бөлімінің  
Аманкелді атындағы орта мектебі» КММ-нің 2022-  
2023 оқу жылында қазақ тілінде білім беретін негізгі  
орта білім берудің оқу жоспары

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Бұл оқу жоспарында **5-ші сыныптар** үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 0,5 сағат бөлінді. «Парасаттылық және этика». Мақсаты: білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс-қимылға, ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Күтілетін нәтиже: білім алушылар оны табысты тұлға ретінде сипаттайтын құндылықтарға: коммуникативтік дағдылар, этикалық нормалар мен мінез-құлық ұстанымдарына ие болады.

**6-шы сыныптар** үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 0,5 сағат бөлінген: «Азаматтық және патриотизм». Мақсаты: білім алушылардың жергілікті, өңірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сыни ұғыну, мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаларын түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын көздейді. «Жаһандық құзыреттер» курсын аяқтау нәтижесінде білім алушылар оны табысты тұлға ретінде сипаттайтын құндылықтарға: коммуникативтік дағдылар, этикалық нормалар мен мінез-құлық ұстанымдарына ие болады.

**7-ші сыныптар** үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 0,5 сағат бөлінді. «Тіршілік қауіпсіздігі». Мақсаты: оқу процесін мынадай тақырыптар төңірегінде ұйымдастыруды ұсынады: «Қауіпсіз үй, аула, мектеп», «Менің үйім», Табиғаттағы қауіпсіздік», «Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік», «Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда білу маңызды», «Отпен ойнамаңыз!», «Құтқару қызметтері», «Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік», «Жауапты мінез-құлық және инфекциялардың алдын-алу», «Мен өзіме және басқаларға төтенше жағдайларда қалай көмектесе аламын?», «Менің қауіпсіздігім менің қолымда!», «Абайлаңыз, күдікті заттар!», «Техниканы қауіпсіз пайдалану». Курсты аяқтау нәтижесінде білім алушылар оны табысты тұлға ретінде сипаттайтын құндылықтарға: коммуникативтік дағдылар, этикалық нормалар мен мінез-құлық ұстанымдарына ие болады.

**8-ші сыныптар** үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 0,5 сағат бөлінді. «Экологиялық мәдениет». Мақсаты: білім алушыларды экологияның негізгі заңдарымен таныстырады, өз денсаулығына, қоршаған адамдарға және табиғатқа жауапкершілікпен қарау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Оқыту курсының нәтижесі табиғатты пайдалану құндылықтарына ие, экологиялық санасы дамыған әлеуметтік бағдарланған тұлға болады.

## Түсінік хат

Бұл оқу жоспары мемлекеттік тілде оқытылатын оқушылардың негізгі орта буыны жаңартылған мазмұнды (5-9 сынып оқушыларына) ұсынылып, олардың әлеуметтік белсенді, жан-жақты дамыған, өз бетінше жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы),

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады. Негізгі орта білімінің міндеттері мен мақсаттарын іске асыруда тұжырымдамалы ұсталымдарға сүйенеді:

- базистік тәртіп бойынша мемлекеттік стандарттардың орындалуы;
- білім стандарттарының көлемін кеңейтуге бағыттау;

2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» бойынша курстар өткізіледі. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Жаһандық құзыреттер жаһандандудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды. Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «12» тамыздағы  
№ 365 бұйрығына  
б-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
б-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі»КММ-нің қазақ тілінде білім беретін негізгі саты бойынша оқу жоспары.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	Тіл және әдебиет	<b>11</b>	<b>11</b>	11	11	11	<b>55</b>	<b>1980</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	<b>468</b>
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	<b>432</b>
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	<b>540</b>
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	<b>1080</b>
5	Математика	5	5	-	-	-	10	<b>360</b>
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	<b>324</b>
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	<b>180</b>
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	<b>972</b>
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	<b>144</b>
10	Физика	-	-	2	2	2	6	<b>216</b>
11	Химия	-	-	1	2	2	5	<b>180</b>

12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
	<b>Жаһандық құзыреттілік</b>	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
	«Парасаттылық және этика»	0,5					0,5	18
	«Азаматтық және патриотизм»		0,5				0,5	18
	«Тіршілік қауіпсіздігі»			0,5			0,5	18
	«Экологиялық мәдениет»				0,5		0,5	18
	«Зайырлылық және дінтану»					1	1	36
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580



Келісілді:  
«Жангелдин ауданының  
білім беру бөлімі» ММ  
басшысы: *[Signature]*

И.Сейдахметов

Келісілді:

Қазақстан Республикасының  
Төрағатының орынбасары: *[Signature]*

Ж. Бекмағамбет



Келісілген:  
27.08.2022 жылғы педагогикалық  
кеңесінің шешіміне сәйкес  
Төрағаты: *[Signature]* И.Ж. Жақсылықов

«Жангелдин ауданының білім беру бөлімінің  
Аманкелді атындағы орта мектебі» КММ-нің  
2022-2023 оқу жылында қазақ тілінде білім беретін  
жалпы орта білім берудің оқу жоспары

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша

10-11 сыныпқа арналған

## Түсінік хат

Бұл оқу жоспары мемлекеттік тілде оқытылатын оқушылардың жалпы орта деңгейіне 10-11 сыныптарға арналған және әлеуметтік белсенді, жан-жақты дамыған, өз бетінше жеке тұлға болып қалыпташуына ықпал етеді. Жалпы орта деңгейінің 10-11 сыныптарында оқу үдерісін орындау кезінде жұмыс жоспарының вариативтік бөлімін құрастыруда томендегі құжаттар негізге алынды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы), «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы орта білімінің міндеттері мен мақсаттарын іске асыруда тұжырымдамалы ұсталымдарға сүйенеді:

- базистік тәртіп бойынша мемлекеттік стандарттардың орындалуы;
- білім стандарттарының көлемін кеңейтуге бағыттау;

Бұл оқу жоспары жалпы білім беретін мектептегі 10-11 сыныптар үшін құрастырылған. Оқу жоспары мектептің білім беру кеңістігіндегі негізгі талаптарға (жүйелілікке, тұтастыққа, білім берудің сатылылығына) сәйкес келеді. 2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Құре жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Құрстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды. Құрстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу

процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді. 10 сыныптар үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 1 сағат бөлінген. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсы.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, біртегіс білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

11 сыныптар үшін «Жаһандық құзыреттер» курсына 1 сағат бөлінген. «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» курсына берілді. «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» курсы кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

10 сыныптар үшін элективті курстан 1 сағат «Графика және жобалау» курсына берілді. Мақсаты: Заманауи компьютерлік графика құралдарының көмегімен оқушыларды бейнелеу теориясының негіздерімен, проекциялау және графикалық моделдеу әдістерінің заңдылықтарымен таныстыру әрі оларды меңгерту, жобалық қызметін дамытуға, графикалық мәдениет пен жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Біліміздің дамуына үлес қосатын инновациялық жобаларды ұсынатын, техникалық нысандарды жобалайтын, көпшілікке ұсынатын, жасап қолданысқа енгізетін маман иесі болады.

11 сыныптар үшін элективті курстан «Елтану» курсына 1 сағат берілді. Мақсаты: оқушыларға географиялық білім беру, оларды табиғат ресурстарын үнемді пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірді қолдана білуге үйрету. Теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың дүние жүзі елдерін тану, географиялық орны, жер аумағы, жер бедері, қазба байлықтары, шаруашылығы, экономикасы, мемлекеттік құрылысы, әлемдегі алатын орнын танып білуі үшін жұмыс жүргізеді.

Оқу жоспары білім мазмұнының үш бөлімінен тұрады және осындай тұрақталған тәртіпті көздейді. Жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормаларға сай.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «12» тамыздағы  
№ 365 бұйрығына  
86-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№500 бұйрығына  
86 -қосымшасы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоснары

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі»КММ-нің қазақ тілінде білім беретін жалпы орта саты бойынша оқу жоснары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
<b>Инвариантний компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және	1	1	2	72

	технологиялык дайындык				
Инварианттык оку жүктөмөсү	32	32	64	2304	
	Вариативтік компонент				
Жаһандык кұзыреттілік	1	1	2	72	
«Жаһандык кұзыреттер»	1		1	36	
«Бизнес және кәсіпкерлік негіздері»		1	1	36	
Элективті курстар	1	1	2	72	
«Графика және жобалау»	1		1	36	
«Елтану»		1	1	36	
Вариативтік оку жүктөмөсү	2	2	4	144	
Ең жоғарғы оку жүктөмөсү	34	34	68	2448	